қуат сымын (Smart Plug) пайдаланыңыз. Олардың қосалқы бөлшектерін ауыстырмаңыз немесе бөлшектемеңіз, бұл электр тоғының соғуына әкелуі мүмкін. Зарядтау станциясында/зарядтау функциясы бар тасымалдау қаптамасында $\text{D}^{\text{492}}\text{C}$ 492-XXXX белгісі тұрса, осындай белгі бар Braun/Oral-B (Smart Plug) қуат сымын ғана пайдаланыңыз.

- Майда бөлшектер ажырауы мүмкін; балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Сынған саптама майда бөлшектерден тұншығу немесе тістерді зақымдау қаупін тудыруы мүмкін.

Мұны болдырмау үшін:

- Әрбір қолдану алдында саптама тұтқаға тығыз тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Саптама тұтқаға тиісінше тиіп тұрмаса, тіс щеткасын қолдануды тоқтатыңыз. Саптамасыз ешқашан қолданбаңыз.
- Тіс щеткасы құлаған болса, келесі қолдану алдында, тіпті көрінетін зақымдары жоқ болса да саптаманы ауыстырыңыз.
- Саптаманы үш ай сайын немесе тозуына сай жиірек ауыстырыңыз.
- Әрбір қолданудан кейін саптаманы мұқият тазалаңыз («Тазалау туралы ұсыныстар» бөлімін қараңыз). Дұрыс тазалау тіс щеткасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның қызмет көрсету мерзімін ұзартуға көмектеседі.

Маңызды мәліметтер

- Сіздің Oral-B тіс щеткаңыз сіздің Смартфоныңызға қосыла алады (толығырақ «Тіс щеткасын Смартфонға қосу» қараңыз).
- Радиокедергілерді және/немесе үйлесімділікке қатысты мәселелерді болдырмау үшін ұшақтар немесе ауруханалардағы арнайы белгіленген аймақтар сияқты шектеулері бар жерлерде пайдалану алдында щетканың тұтқасындағы (5) *Bluetooth* технологиясын өшіріңіз.
- *Bluetooth* технологиясын өшіру үшін «on/off» (3) түймесін режимді ауыстыру түймесін (4) *Bluetooth* индикаторы (7) *шкенше 2 секунд бірге басып тұрыңыз. Bluetooth* технологиясын қайта қосу үшін дәл сол әрекеттерді орындаңыз.
- Егер кардиостимуляторды пайдалансаңыз, оған қосылып тұрған тіс щеткасын 15 сантиметрден жақынырақ әкелмеңіз. Егер кедергілердің пайда болғанын байқасаңыз, *Bluetooth* технологиясын өшіріңіз.

Сипаттамасы және Жиынтықтылығы

- 1 щетканың басы
- 2 Smart Ring
- 3 «Қосу/Өшіру» түймесі
- 4 Режимді ауыстырып-қосатын түйме
- 5 Сап
- 6 Тазалау режимінің дисплейі
- 7 *Bluetooth*® индикаторы
- 8 Заряд деңгейінің дисплейі

Аксессуарлар (Үлгіге байланысты)

- 9 Негізгі зарядтау құрылғысы (бекітілген сымы бар)
- 10 Саптамаларға арналған ұстағыш
- 11 Қорғаныш қақпағы бар саптамаға арналған контейнер
- 12 Зарядтау функциясы бар тасымалдау қаптамасы
- 12a Аккумулятор зарядының жарықтық индикаторы
- 12b USB ұясы
- 12c Smart Plug қуат сымына арналған ұя
- 12d Қақпақтың ішкі жағы (смартфонға арналған тіреуіш бар)
- 12e Алынбалы ішкі қабат
- 13 Smart Plug (қуат сымы)
- 14 Зарядтау станциясы (алынбалы кабелі бар)
- 15 Косметикалық қапшық
- 16 Негізгі тасымалдау қаптамасы
- 17 Зарядтау құрылғысына арналған қап

Ескерту. Құрамындағы аксессуарлар модельге байланысты басқаша болуы мүмкін.

Техникалық сипаттамалары

Электрлік сипаттамалары құрылғының төменгі бөлігінен қараңыз.

Шу деңгейі: 68 дБ (А)

Зарядтау және қолдану

Тіс щеткаңыз су өтпейтін тұтқамен жабдықталған, қауіпсіз және ванна бөлмесінде қолдануға жарамды.

- Тіс щеткасын электр желісіне қосылған негізгі зарядтау құрылғысына (9) немесе зарядтау станциясына (14) орналастырып, дереу немесе қысқа уақыт зарядтаудан кейін пайдалануды бастауға болады. Зарядтау станциясын (14) жиынтықталуға кіретін (В кескіні) Smart Plug қуат сымымен (13) бірге пайдаланыңыз. Smart Plug қуат сымы ғана кез келген диапазондағы (100–240 В) желілік кернеуге жарамды. Ескерту. Егер аккумулятор заряды толық таусылса (дисплейдегі заряд деңгейінің жарықтық индикаторы (8) зарядтау барысында жанбайды немесе «Қосу/өшіру» (3) түймесін басқанда құрал жауап бермейді), ең азы 30 минут бойы зарядтау қажет.
- Аккумулятор зарядының деңгейі дисплейде көрсетіледі (8). Жыпылықтап тұрған шамдар аккумулятор зарядталып жатқанын көрсетеді (Ⓞ/В кескіні); зарядтау аяқталғанда шамдар өшеді. Толық зарядтау шамамен 12 сағатқа созылып, щетканы жиі пайдалану жағдайында кемінде 2 апта жұмыс күйін қамтамасыз етеді (күніне 2 минуттан екі рет). Ескерту. Зарядтың өте төмен деңгейінде шамдар дереу жыпылықтап бастамауы мүмкін; бұған 30 минутқа дейін уақыт керек болуы мүмкін.
- Аккумулятордың заряды төмен болғанда, заряд деңгейінің дисплейінде қызыл түсті жарықтық индикаторы жыпылықтап бастап, мотордың жылдамдығы төмендейді. Заряд толық біткенде мотор тоқтайды; бір реттік пайдалану үшін кемінде 30 минут зарядтау қажет.
- Қуатын толық деңгейде ұстап отыру үшін оның сабын электр қуатына қосылған қуаттау құрылғысында сақтауыңызға

болады;аккумулятордың шектен тыс қуатталудан қорғалған.
Ескерту: Жақсы қызмет ету үшін щетканың сабын бөлме температурасында сақтаңыз.

Назар аударыңыз: Сапты 50 °C асатын жоғары температуралардың әсеріне ұшыратпаңыз.

Сіздің тіс щеткаңызды пайдалану

Тісті тазалау техникасы

Щетканың басын сулаңыз және кез келген тіс пастасын жағыңыз.

Шашырауға жол бермеу үшін, саптағы түймеге баспас бұрын, щетканың басын тістерге жақындатыңыз (2 сур.).

Oral-B қайтымды-айналма саптамаларын пайдаланған кезде, басын бір тістен екінші тіске баяу қозғалта отырып, әр тістің бетінде бірнеше секунд ұстап тұрыңыз.

Кез келген саптаманы пайдаланған кезде, тазалауды алдымен сыртынан бастаңыз, одан кейін ішін тазалаңыз. Ақтық кезеңде тістердің шайнайтын беттерін тазалаңыз.

Ауыз қуысының барлық төрт квадрантына бірдей көңіл бөліңіз. (3 сур.).

Сіз сондай-ақ стоматологыңызбен немесе ауыз қуысының гигиенасы жөніндегі маманмен сіз үшін аса жарамды техника жайлы кеңесе аласыз.

Кез келген электрлік тіс щеткасын пайдаланудың алғашқы күндерінде сіздің қызыл иегіңіз аздап қанауы мүмкін. Әдетте бұл құбылыс бірнеше күннен кейін басылады. Егер қызыл иектің қанауы екі апта бойы сақталса, стоматологқа немесе ауыз қуысының гигиенасы жөніндегі маманға жүгініңіз. Егер сіздің тістеріңіздің және/немесе қызыл иектеріңіздің сезімталдығы жоғары болса, Oral-B «Sensitive» режимін пайдалануды ұсынады (Oral-B «Sensitive» саптамасымен қисындастырылуы ықтимал)

SmartRing

Сіздің тіс щеткаңыз SmartRing («ақылды сақина») технологиясымен жабдықталған, оның функционалы жарық дабылының түсіне байланысты әртүрлі:

Ақ (әдепкі бойынша) = жұмыс индикаторы және көрнекі таймер (басқа түсті Oral-B™ қолданбасының реттеулерінен таңдауға болады)

қызыл = қысым датчигінің индикаторы

көк = Bluetooth® қосылу индикаторы

Таймер

Қысқа үзілісті дыбыстық сигнал мен әр 30 секунд сайын Smart Ring сақиналарының жыпылықтайтын жарықтық индикаторы арқылы таймер ауыз қуысының келесі квадрантына (③ кескіні) ауысу үшін сигнал береді

Ұзақ үзілісті дыбыстық сигнал мен жыпылықтап тұрған жарықтық индикатор тіс дәрігерлері ұсынған 2 минуттық тістерді тазалау кезеңінің аяқталғанын білдіреді.

Таймер пайдалану барысындағы таймердің қысқа уақытқа өшуінде де өткен уақытты есте сақтайды.

30 секундтан артық кідіріс болса, кідіріс барысында режим таңдау түймесін (4) қысқа басқанда немесе тіс щеткасының тұтқасын желіге жалғанған зарядтау құрылғысына орналастырғанда таймердің нөлденуі орын алады.

Ескерту.

Oral-B™ қолданбасының кейбір функцияларын пайдаланғанда таймер ажыратылуы мүмкін.

Ескерту.

Таймерді Oral-B™ қолданбасы арқылы да реттеуге болады.

қысым датчигі

Егер тіс щеткасын шамадан тыс басу қысымды төмендету қажеттілігін көрсететін Smart Ring сақинасы (2) қызыл түспен жанады.

Қатты қысым 5 секундтан артық тұрақты берілсе, Smart Ring сақинасы (2) жылдам жыпылықтай бастайды.

Бұған қоса, тіс щеткасының бастиегі лүпілді тербелісті тоқтатып, оның айналу жылдамдығы азаяды («Күнделікті тазалау», «Кәсіби тазалау» және «Сезімтал» режимдерінде) (③ кескіні).

Пайдалану барысында тіс щеткасын абайлап басу арқылы қысым датчигінің жұмысын кезеңді түрде тексеріп тұрыңыз.

Ескерту.

Oral-B™ қолданбасының кейбір функцияларын пайдаланғанда қысым датчигі ажыратылуы мүмкін.

Жұмыс режимі

Сіздің тіс щеткаңыз тістерді тазалаудың түрлі режимдерін ұсынады. Таңдалған режим щетка сабындағы режим дисплейінде (6) бейнеленеді («Күнделікті тазалау» режимінен басқа):

- «Күнделікті тазалау» – күнделікті тазалауға арналған стандартты режим
- «Кәсіби тазалау» – ерекше тазалықты сезіну үшін (қимылдардың үлкен жиілігі)
- «Нәзік тазалау» – сезімтал жерлерді жұмсақ, бірақ мұқият тазалау
- «3D White» – мерзімді немесе Күнделікті қолдануға арналған жылтырату
- «қызыл иектерді күту» – қызыл иектерді жұмсақ уқалау
- «Тіл гигиенасы» – мерзімді немесе күнделікті қолдануға арналған тілді тазалау

«Тіл гигиенасы» режимінде жұмыс істеу үшін, біз «Sensitive» саптамасын пайдалануды ұсынамыз. Сіз тілді паста қолданып немесе пастасыз тазалай аласыз. Тілдің бүкіл бетін жұмсақ жүйелі қимылдармен тазалаңыз. ұсынылатын уақыт – 20 секунд, оның аяқталуы SmartRing жыпылықтайтын жарық дабылымен белгіленеді.

Сіздің тіс щеткаңыз соңғы таңдалған режимде жұмысты автоматты бастайды. Басқа режимге ауысу үшін, щетканы пайдаланған уақытта режимді таңдау түймесін ретті басыңыз (4 сур.). Кез келген басқа режимнен «Күнделікті тазалау» режиміне қайта оралу үшін, режимді таңдау түймесіне басыңыз және ұстап тұрыңыз. (4).

Ескерту. Режимді Oral-B™ қолданбасы арқылы да таңдауға болады.

Ауыстырмалы Саптамалар


Oral-B сіздің Oral-B сабыңызға келетін ауыстырмалы саптамалардың үлкен таңдауын сізге ұсынады.

Біздің **қайтарымды-айналатын қимылдары бар саптамаларымыз** әр тісті нақты тазалау үшін пайдаланылады.




Oral-B CrossAction саптамасы

Саптамалардың ішіндегі ең ілгерісі. Бұрыш астында қиылған қылшықтар нақты тазалауға арналған. Тіс қағын басады және кетіреді.



Oral-B FlossAction саптамасы

Микробүлкілдейтін қылшықтар тістердің арасындағы кеңістіктен қақты тиімді кетіруге қол жеткізуге мүмкіндік береді



Oral-B 3D White саптамасы

Арнайы жылтырататын қалпақша тістерді табиғи ағартуға арналған. 12 жасқа толмаған балалардың пайдалануына келмейді.



Oral-B Sensitive Clean саптамасы

Тістердің бетін тазалауға арналған әдеттегі қылтандардың және қызыл иек сызығының бойындағы аймақтарды тазалауға арналған ультражіңішке қылтандардың тіркесімі болып табылады.

Oral-B саптамаларының көпшілігінде саптаманы ауыстыру уақытын қадағалауға көмектесетін INDICATOR® қылтандары бар. Күніне екі рет екі минут бойы сапалы тазалаудан қылтандар үш айдан кейін шамамен жартысына дейін өңсізденеді, бұл саптаманы ауыстыру керектігінің белгісі болып табылады. Қылтандар өңсізденуге дейін мыжылса, бұл тістеріңізге және қызыл иектерге тым қатты басатыныңызды білдіруі мүмкін.

Егер сіз брекет тағып жүрген болсаңыз, біз Oral-B «FlossAction» және Oral-B «3D White» саптамаларын пайдалануды ұсынбаймыз. Қапсырмалар мен брекет-жүйелердің айналасындағы тістерді тазалау үшін, Oral-B «Ortho» щетка-саптамасы арнайы жасалған.

Тіс щеткасын смартфонға қосу

Oral-B™ қолданбасы iOS немесе Android операциялық жүйелерінің негізіндегі смартфондарға қолжетімді. Оны App StoreSM немесе Google Play™ дүкенінде тегін жүктеп алуға болады. Тіс щеткасының тұтқасына қолданбадан тазалау қажет аймақты және қажетті уақытты анықтауға көмектесетін «тазалау аймағын анықтау» функциясымен үйлесімді датчиктер кірістірілген. Сондай-ақ, Oral-B™ қолданбасы тістерді тазалау прогрессін бақылауға, жеке ұсыныстарды алуға және тіс щеткасының жеке реттеулерін таңдауға мүмкіндік береді.

- Oral-B™ қолданбасын іске қосыңыз. Ол *Bluetooth* технологиясымен қосылымды реттеуге көмектеседі. Нұсқауларды қолданбаның реттеулерінен де табуға болады (Реттеулер -> Тіс щеткасы).
Ескерту. Егер смартфонныңызда *Bluetooth* арқылы қосылым технологиясы ажыратылған болса, Oral-B™ қолданбасының жұмыс мүмкіндігі шектелген (оны қосу туралы нұсқауларды смартфонды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз).
- Қолданбаны пайдалану жөніндегі барлық нұсқаулар смартфонныңызда көрсетіледі.
- Егер тіс щеткасының тұтқасында *Bluetooth* арқылы қосылым технологиясы белсендірілсе, дисплейде *Bluetooth* индикаторы (7) жанады. Тіс щеткасы мен қолданба арасында қосылым орнатылғаннан кейін, Smart Ring сақинасы (2) бір рет жыпылықтайды.
- Тісті тазалау барысында смартфонды жақын (5 метр аралығында) ұстаңыз. Ол құрғақ жерге мықтап орналастырылғанын тексеріңіз.

Ескерту. Тіс щеткасымен қосылымды орнату мақсатында смартфон *Bluetooth* 4.0 (немесе одан кейінгі нұсқасын)/ *Bluetooth* Smart нұсқасын қолдауы керек. Үйлесімді смартфондар тізімі App StoreSM немесе Google Play™ дүкенінде қолжетімді. App.oralb.com сайтында Oral-B™ қолданбасы сіздің еліңізде бар-жоғын тексеруге болады.

Назар аударыңыз!

Смартфонды/зарядтау құрылғысын ванна бөлмесінде пайдалану мүмкіндігіне қатысты ақпаратты смартфонның пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Щетканы күту жөніндегі Ұсыныстар

Тісті тазалағаннан кейін саптаманы ағынды су астында, тіс щеткасын өшірмей шайыңыз. Щетканы өшіріп, саптаманы алыңыз. Тұтқа мен саптаманы бөлек жуып, толық құрғатып, қайта жинаңыз. Негізгі зарядтау құрылғысын/зарядтау станциясын тазалау алдында оларды желіден ажыратыңыз (5)-кескін).

Тек ылғалды мата майлықпен сүртуге болады : негізгі зарядтау құрылғысы (9), зарядтау станциясы (14), зарядтау құрылғысының қабы (17), зарядтау функциясы бар тасымалдау қаптамасы (12), негізгі тасымалдау қаптамасы (16) және Smart Plug қуат сымы (13).

Ыдыс жуу машинасында жууға болады: саптамаларға арналған ұстағыш (10), саптамаға арналған контейнер және қорғаныш қақпақ (11), зарядтау функциясы бар тасымалдау қаптамасының алынбалы ішкі қабаты (12e) (B3 кескіні).

Қолмен жуу мүмкіндігі{ut}: косметикалық қапшық (15), тек жылы суда (30°C – 40°C).

Аксессуарлар

(Үлгіге байланысты)

Жол зарядтау модулі

- Щетканы (5) зарядтау үшін, оны зарядтау функциясы бар тасымалдау қаптамасының шығыңқы бөлігіне (12)

орналастырып, Smart Plug қуат сымы (13) арқылы оны электр желісіне жалғаңыз. Smart Plug қуат сымы кез келген диапазондағы (100–240 В) желілік кернеуге жарамды.

- Зарядтау функциясы бар тасымалдау қаптамасының жыпылықтайтын жарықтық индикаторы (12a) зарядталып жатқанын білдіреді. Тіс щеткасының тұтқасы толық зарядталғанда индикатор өшеді. Толық зарядтау әдетте 12 сағат алады (B1 кескіні).
Ескерту. Жол зарядтау модулі желіге жалғанғанда, басқа электрондық құрылғыға арналған USB ұясын (12b) пайдалану мүмкін болады. Тіс щеткасы USB ұясы арқылы емес, тек қуат сымы (13) (12c арқылы зарядтауға болады).
- Жол зарядтау құрылғысының ішкі жағында тісті тазалау барысында смартфонды орналастыруға болатын смартфонға арналған кірістірілген тіреуіш (12d) бар (B2 кескіні). Пайдалану алдында телефон тіреуішке үйлесімді екенін және мықтап бекітілгенін тексеріңіз.
- **Тазалау :** Жол зарядтау құрылғысының алынбалы ішкі қабатын (B3 кескіні) (12e) ыдыс жуу машинасында жууға болады (5-кескін). Сыртқы модуль тек ылғалды мата майлықпен тазаланады. Оның бөлшектерінің қайта жинау және тіс щеткасын/саптамаларды тасымалдау қаптамасына орналастыру алдында, барлық бөлшектер толық құрғатылғанын тексеріңіз.

Ескерту. Модульдің бетінде дақтар пайда болғанда оларды дереу кетіру керек.

Модульді таза құрғақ жерде сақтаңыз. Смартфонды/зарядтау құрылғысын ванна бөлмесінде пайдалану мүмкіндігіне қатысты ақпаратты смартфонның пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Косметикалық қапшық /Зарядтау құрылғысына арналған қап /Негізгі тасымалдау қаптамасы

Тазартылған және құрғатылған тіс щеткасын саптамалармен бірге косметикалық қапшыққа (15) орналастырылған негізгі тасымалдау қаптамасында (16) сақтаңыз (C кескіні). Зарядтау құрылғысын зарядтау құрылғысына арналған қапта (17) сақтаңыз (D кескіні).

Тазалау:

Бетінде дақтар пайда болғанда оларды дереу кетіру керек. Косметикалық қапшықты жылы суда (30°C – 40°C) қолмен жуу керек. Жол қаптамасы және зарядтау құрылғысына арналған қапты ылғал мата майлықпен сүрту керек (5-кескін). Таза құрғақ жерде сақтаңыз.

Осы нұсқаулыққа алдына ала ескертусіз өзгертулер енгізілуі мүмкін.

Кәдеге жарату

Өнім аккумулятор батареяларын және/немесе қайта өңделетін электрлік қалдықтарды кірістіреді. Қоршаған ортаны қорғаудың мүддесінде оны тұрмыстық қалдыққа тастамаңыз, сіздің еліңіздегі электрлік қалдықтарды қабылдайтын орындарға өткізіңіз



Кепілдік

Бұйымға сатып алу сәтінен бастап екі жыл бойы кепілдік беріледі. Кепілдік кезеңі бойы біз өз таңдауымыз бойынша жөндеу немесе бұйымды толығымен ауыстыру арқылы кез келген өндірістік ақауларды (материалдағы немесе жинаудағы) тегін жоямыз. Бар болуына байланысты, біз сізге түсі басқа немесе баламалы модельдегі бұйымды қамтамасыз етуге құқылымыз. Мұндай кепілдік міндеттемелері бұйымды Braun компаниясы немесе оның дистрибьюторы тарататын елдердің барлығында қолданылады. Бұл кепілдік дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде зақымданудың, табиғи тозудың жағдайларында, әсіресе саптамаға қатысты, сондай-ақ құрылғының жұмысына немесе құндылығына әсерін тигізбейтін ақауларға берілмейді. Жөндеу жұмыстары ресми рұқсаты жоқ сервистік қызметтер тарапынан іске асырылған жағдайда және Braun компаниясының түпнұсқа қосалқы бөлшектерінен басқа қосалқы бөлшектер пайдаланылған жағдайда, кепілдіктің қолданылуы тоқтатылады.

құрылғы *Bluetooth* Smart радио байланысының мақұлданған модулімен жаб-дықталған. *Bluetooth* Smart қосылысын смартфондардың жеке үлгілерімен орнату мүмкінсіздігі кепілдікпен жабылмайды, егер құрылғының *Bluetooth*- радио байланыс модулі зақымданбаса.

Bluetooth құрылғыларына кепілдік Oral-B емес, мұндай құрылғылардың өндірушілерімен өндіріледі. Oral-B қандай да әсер көрсетпейді және мұндай құрылғылардың өндірушілеріне ұсыныстар бермейді, және сәйкесінше біздің *Bluetooth* жүйелерімізбен үйлесетін құрылғылардың саны үшін жауапкершілік алмайды.

Oral-B алдын ала ескертусіз қандай да технологиялық түрленімдер немесе құрылғының жеке элементтерінің жүйесін жүзеге асыруға, оның интерфейсіне немесе мәзірінің құрылымына осы жүйелердің лайықты қызмет етуі үшін қажет деп есептейтін өзгертулерді енгізу құқығын өзіне қалдырады. Кепілді қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін, құрылғыны толық жиынтықта және тауар түбіртегін қоса ұсынып Oral-B Braun авторластырылған тұтынушыларды қолдау орталығына беріңіз немесе жіберіңіз.

Ақпарат *Bluetooth*® радио байланыс модулі

Oral-B *Bluetooth* құрылғысының барлық белгіленген функцияларын қолдайтын-дығына қарамастан, біз қосылу мен радио байланыс жұмысының 100% сенімділігін кепілдендіре алмаймыз.

Жұмыстың тиімділігі және қосылудың Сенімділігі әр нақты *Bluetooth* құрылғы сының сипаттамаларына, бағдарламалық жасақтаманың нұсқаларына, *Bluetooth* құрылғысында орнатылған операциялық жүйеге және өндіруші-компания орнатқан қауіпсіздік нормаларына тікелей байланысты. Oral-B *Bluetooth* стандартың қатаң ұстанады, оған сәйкес *Bluetooth* құрылғылары Oral-B тіс щеткаларына қосыла алады және өзара байланыста қызмет ете алады.

Алайда, егер құрылғының өндірушісі бұл стандартты сақтамаса, бұл *Bluetooth* құрылғыларының үйлесімділігіне әсер ете алады және пайдаланушы үшін қиын-шылықтар тудыруы

мүмкін. *Bluetooth* құрылғысында орнатылған бағдарламалық қамсыздандыру қосылу мен жұмыс сапасына анағұрлым әсер ете алатындығын ескеруді өтінеміз.

1) Кепілдік – ерекшеліктер мен шектеулер

Шектелген кепілдік The Procter & Gamble Company («P&G») компаниясымен, оның филиалдарымен және еншілес компанияларымен («P&G») немесе олар үшін өндірілген және Braun / Oral-B сауда маркасымен, сауда белгісімен немесе логотипімен белгіленген тек жаңа өнімдерге ғана таралады. Шектелген кепілдік P&G жатпайтын тауарларға, соның ішінде аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыруға таралмайды.

P&G өнімге орнатылған кез келген тасымалдаушыларда сақталған бағдарламалардың, мәліметтерді және өзге мағлұматтардың немесе P&G-мен немесе ол үшін өндірілмеген және шектелген кепілдікке жатпайтын кез келген басқа өнімнің немесе бөлшектің бүлінуі немесе жоғалуы үшін жауапкершілік алмайды.

Осы шектелген кепілдік жазатайым оқиғалардың, пайдаланудың орнатылған ережелерін бұзудың, ұқыпсыз немесе дұрыс пайдаланбаудың немесе құрылғыларды пайдаланудың салдарынан болған бүлінулерге (i), сондай-ақ P&G-мен немесе ол үшін өндірілмеген өнімдердің бүлінуіне; Braun мен Braun-ның авторластырылған сервис орталықтарынан басқа бөгде тұлғалармен жүзеге асырылған сервистік қызмет көрсетудің салдарынан болған бүлінулерге (ii); P&G жазбаша рұқсатын-сыз түрленген өнімдерге және қосалқы бөлшектерге (iii) және Oral-B смартфон-ына арналған тұқойманы, смартфонға арналған тұтқышты немесе жол қабын («Аксессуарлар») пайдаланудың немесе пайдалану мүмкінсіздігінің салдарынан болған бүлінулерге (iv) таралмайды.

2) Смартфонға арналған тұтқышты пайдалану

Жиынтыққа кіретін Oral-B аксессуарлары сізге Oral-B қосымшасын пайдаланған кезде смартфонныңызды ыңғайлы орналастыруға мүмкіндік береді.

Алғаш пайдаланудың алдында Oral-B тұтқышында смартфонның әртүрлі күйлерін сынап көріңіз және ең үздігін таңдаңыз. Смарт-фонның құлап қалмайтындығына және шағылмайтындығына көз жеткізіңіз. Аксессуарды автокөлікте пайдаланбаңыз.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҒҒА СӘЙКЕС РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЕКТЕРДЕ, P&G, ОНЫҢ ДИСТРИБЬЮТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ ЕШБІР ЖАҒДАЙДА СІЗДІҢ НЕМЕСЕҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ АЛДЫНДА ORAL-B АКССУАРЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНСІЗДІГІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ТУЫН-ДАЙТЫН, СОНЫҢ ІШІНДЕ ШЕКТЕУСІЗ, АДАМДАРДЫҢ ЖАРАҚАТТАНУЫ, МҮЛІККЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯН, ORAL-B ӨНІМ-ДЕРІНДЕ НЕМЕСЕ АКССУАРЛАРЫМЕН БІРГЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН БӨГДЕ ӨНДІРУШІ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ, ORAL-B ӨНІМДЕРІНДЕ НЕМЕСЕ АКССУАРЛАРЫМЕН БІРГЕ ПАЙДАЛАНЫЛА-ТЫН ORAL-B АКССУАРЛАРЫНЫҢ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ӨНДІРУШІ ӨНІМДЕРІНІҢ ПАЙДАЛАНУ САПАСЫНАН АЙЫРЫЛУЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ P&G ОСЫҢДАЙ САЛДАР-ДЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҒЫ ТУРАЛЫ АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТКЕН ЖАҒДАЙДА КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРДЕГІ ТІКЕЛЕЙ, ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС, ЖАНАМА, ҚОСАЛҚЫ, НАҚТЫ, КЕЗ КЕЛГЕН ТЕКТІ АЙЫППҰЛ ШЫҒЫҢДАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК АЛМАЙДЫ. ЖОҒАРЫДА БАЯНДАЛҒАНДАРҒА ЗИЯНСЫЗ СІЗ P&G ORAL-B АКССУАРЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ НЕМЕСЕ АКССУАР-ЛАРМЕН БІРГЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР МҮЛКІНІҢ БҰЗЫЛУЫ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАНУЫ ҮШІН, СОНДАЙ-АҚ АТАЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫЛАРДА БОЛҒАН МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ЖОҒАЛҒАНДЫҒЫ ҮШІН ЕШҚАНДАЙ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЛМАЙ-ТЫНДЫҒЫН ТҮСІНЕСІЗ ЖӘНЕ МОЙЫН-ДАЙСЫЗ. ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ORAL-B ТАРАПЫНАН АҚШАЛАЙ ӨТЕУ ӨНІМДІ САТЫП АЛҒАН КЕЗДЕ ОЛ ҮШІН ТӨЛЕНГЕН ОНЫҢ НАҚТЫ ҚҰНЫНАН АСА АЛМАЙДЫ.

Ауыстырмалы саптамаларға кепілдік

Егер құрылғының электрлік қайта зарядталатын сабының зақымдануы басқа өндірушінің ауыстырмалы саптамаларын пайдаланудың нәтижесінде болса, құрылғы Oral-B кепілдігінен алынады. Oral-B басқа өндірушілердің ауыстырмалы саптамаларын пайдалануды ұсынбайды.

- Oral-B мұндай саптамалардың сапасын қадағалай алмайды, және сәйкесінше оларды пайдаланған кезде тістердің сапалы тазалануын кепілдендіре алмайды. Бұл туралы электрлік қайта зарядталатын сапты бастапқыда сатып алған кезде ескертеді.
- Oral-B басқа өндірушілердің ауыстырмалы саптамаларымен Oral-B сабының үйлесімділігін кепілдендіре алмайды.
- Oral-B саптың тозу дәрежесіне Басқа өндірушілердің ауыстырмалы саптамаларын пайдаланудың ұзақ мерзімді әсер етуін болжай алмайды.

Oral-B барлық ауыстырмалы саптамалары сәйкес логотипке ие және Oral-B жоғары сапа стандарттарына жауап береді. Oral-B басқа тауарлық атаумен ауыстырмалы саптамаларды немесе саптың қосалқы бөлшектерін сатпайды.

Ақаулықтарды жою

Мәселе	Ықтимал себебі	Жою тәсілі
ҚОСЫМША		
Щетка Oral-B™ қолданбасымен жұмыс жасамайды (лайықты түрде жұмыс жасамайды).	<ol style="list-style-type: none"> 1. Oral-B™ қолданбасы жабық. 2. Смартфонда <i>Bluetooth</i> интерфейсі өшірілген. 3. Тіс щеткасының тұтқасында <i>Bluetooth</i> технологиясы өшірілген; <i>Bluetooth</i> индикаторы (7) өшірулі. 4. Смартфон мен щетка арасындағы <i>Bluetooth</i> қосылымы ажыратылған. 5. Смартфоныңыз <i>Bluetooth</i> 4.0 (немесе одан кейінгі нұсқасы)/ <i>Bluetooth</i> Smart нұсқасын қолдамайды. 6. Тіс щеткасының тұтқасы желіге жалғанған зарядтау құрылғысында. 7. Oral-B™ қолданбасының нұсқасы ескірді. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Oral-B™ қолданбасын ашыңыз. 2. Смартфонда <i>Bluetooth</i> технологиясын қосыңыз (смартфонды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз). 3. «Қосу/өшіру» түймесін (3) және режимді ауыстыру түймесін (4) <i>Bluetooth</i> индикаторы (7) жанғанша 2 секунд бойы бірге басып тұрып <i>Bluetooth</i> технологиясын қосыңыз. 4. Қолданба реттеулері арқылы тіс щеткасы мен смартфон арасында қосылымды қайта орнатыңыз. Тісті тазалау барысында смартфонды тіс щеткасының сабына жақын ұстаңыз. 5. Сіздің смартфонңыз <i>Bluetooth</i> 4.0 (немесе одан кейінгі нұсқасы)/ <i>Bluetooth</i> Smart нұсқасын қолдамайды. Үйлесімді смартфондар тізімін App Store^(SM) немесе Google Play™-нан іздеңіз. 6. Тұтқа желіге жалғанған зарядтау құрылғысында болғанда <i>Bluetooth</i> технологиясы өшеді. 7. Oral-B™ қолданбасының соңғы нұсқасын жүктеп алыңыз.
Күйге келтірулерді фабрикалыққа дейін жою	Бастапқы функционал қажет.	“қосу/өшіру” батырмасын (3) 10 секунд ішінде басыңыз да, барлық жарық индикаторлары бір уақытта екі рет жанғанынша ұстап тұрыңыз
ТІС ЩЕТКАСЫ		
Щетка жұмыс істемейді (алғаш пайдаланған кезде)	Аккумулятор зарядының деңгейі өте төмен; жарықтық индикация жоқ.	Кемінде 30 минут бойы зарядтаңыз.
2 минуттан кейін қысқа үзілісті дыбыстық сигнал/ жыпылықтайтын жарықтық индикаторы немесе тіс щеткасының тұтқасында таймер істемейді.	Таймер Oral-B™ қолданбасы арқылы өзгертілген/ өшірілген.	Қолданбада таймердің реттеулерін өзгертіңіз немесе реттеулерді зауыттық мәндеріне қайта орнатыңыз («Қолданбадағы ықтимал проблемалар» бөлімін қараңыз).
Тіс щеткасы зарядталып жатқан жоқ.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аккумулятор зарядының деңгейі өте төмен. 2. Қоршаған орта температурасы зарядтауға жарамды диапазонға сәйкес келмейді (0°C-тан төмен және 60°C-тан жоғары). 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Зарядтау индикаторы дереу жыпылықтамауы мүмкін; бұған 30 минутқа дейін уақыт кетуі мүмкін. 2. Зарядтауға арналған қоршаған ортаның ұсынылатын температурасы 5°C-тан 35°C-қа дейінгі аралықты құрайды.

Тіс щеткасы зарядталып жатқан жоқ.	1. Аккумулятор зарядының деңгейі өте төмен. 2. Қоршаған орта температурасы зарядтауға жарамды диапазонға сәйкес келмейді (0°C-тан төмен және 60°C-тан жоғары).	1. Зарядтау индикаторы дереу жыпылықтамауы мүмкін; бұған 30 минутқа дейін уақыт кетуі мүмкін. 2. Зарядтауға арналған қоршаған ортаның ұсынылатын температурасы 5°C-тан 35°C-қа дейінгі аралықты құрайды.
------------------------------------	---	---

ЖИЙНТЫҚТАЛУЫ

Зарядтау функциясы бар тасымалдау қаптамасындағы USB ұясы арқылы жалғанған зарядтау құрылғысы күткен параметрлерге сәйкес емес.	USB ұясы арқылы жалғанған құрылғының оңтайлы зарядталуы үшін өндірушінің қуат көзі қажет болуы мүмкін.	Тиімдірек зарядтау үшін USB құрылғылары арқылы жалғанатын түпнұсқалы қуат көзін пайдаланыңыз.
---	--	---

Аккумуляторлық тіс щеткасы максималды қуаты 1 мВт болатын 2,4–2,48 ГГц арасындағы диапазонда жұмыс істейтін радиомодульмен жабдықталған.

Сондықтан, Braun GmbH компаниясы 3771, 3765, 3754, 3764, 3762 және 3767 түріне жататын радиожабдық 2014/53/ЕО Еуроодақ Директивасының талаптарына сәйкес келетінін мәлімдейді.

Сәйкестік туралы еуропалық декларацияның толық мәтіні мына мекенжайда қолжетімді: www.oralb.com/ce.

Электр тоғынан зақымданудан қорғану классы: II және III

Германияда жасалған.

Шығару күнінің коды:

Шығарылған жылы мен аптасы таңбалауында/құрылғының төменгі жағындағы өндірістік кодта көрсетілген. Негізгі зарядтау құрылғысы немесе тіс щеткасының тұтқасы: Әріптен басталатын өндірістік кодты (ең азы 10 таңба) табыңыз. Кодтың бірінші цифрі шығару жылына қатысты. Келесі екі цифр шығару аптасын білдіреді. Мысалы, «809» цифрі тауар 2018 жылдың 9-аптасында шығарылғанын білдіреді. Зарядтау станциясы, Smart Plug қуат сымы немесе зарядтау функциясы бар жол зарядтау модулі:

Өндірістік кодты (ең азы 5 таңба) табыңыз. Кодтың бірінші екі цифрі шығару жылына қатысты. Келесі екі цифр шығару аптасын білдіреді. Мысалы, «1809» цифрі тауар 2018 жылдың 9-аптасында шығарылғанын білдіреді.

Braun GmbH үшін Германияда өндірілген: Braun GmbH, Frankfurter Str. 145, 61476 Kronberg, Germany/Браун ГмбХ, Франкфуртер штрассе 145, 61476 Кронберг, Германия.

Кепілдік мерзімі /қызмет ету мерзімі 2 жыл

Кепілдікті немесе кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету әрекеттерін орындауға қатысты сұрақтар бойынша, сондай-ақ өнімді пайдалану барысында проблема пайда болған жағдайда 8 800 080 50 52 телефоны бойынша BRAUN Ақпараттық Қызмет көрсету Сервисіне хабарласыңыз.



a) 3757 түріне жататын зарядтау құрылғысы бар 3771 түріне жататын Braun электр тіс щеткасы.

b) 492-XXXX түріне жататын қуат көзі, 3760 түріне жататын зарядтау функциясы бар тасымалдау құрылғысы, 3755 түріне жататын зарядтау станциясы бар 3771 түріне жататын Braun электр тіс щеткасы.

c) 492-XXXX түріне жататын қуат көзі, 3755 түріне жататын зарядтау құрылғысы бар 3771 түріне жататын Braun электр тіс щеткасы.

d) 492-XXXX түріне жататын қуат көзі, 3760 түріне жататын зарядтау функциясы бар тасымалдау құрылғысы, 3757 түріне жататын зарядтау станциясы бар 3771 түріне жататын Braun электр тіс щеткасы.

Ескерту. Сипаттамасы сатып алынған модельге байланысты.

Негізгі зарядтау құрылғысы: 220-240 Вольт, 50-60 Герц,

0,9 Ватт

Smart Plug қуат сымы: 100-240 Вольт, 50-60 Герц, 7 Ватт

Импорттаушы/Тұтынушылар қызметі: «Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС, Қазақстан, Алматы қ., Медеу а., Нұрсұлтан Назарбаев д., 240Г үйі. Импортер/ Служба потребителей: ТОО «Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибьюшн», Казахстан, г. Алматы, Медеуский р., пр. Нұрсұлтан Назарбаев, дом 240Г. Тел.: 8-800-080-50-52

Сирек жағдайларда, 621–714 МГц аралығындағы диапазонда жақын орналасқан электромагниттік өрістер көздерінің әсерінен тіс щеткасы өшіп қалуы мүмкін. Бұл тіс щеткасына зиянды емес; оны жай ғана қайта қосып, тазалауды жалғастырыңыз.

Oral-B®



91591575



UK

0 800 731 1792

RU

8-800-200-20-20

KZ

8-800-080-50-52

English 4

Русский 9

Қазақша 16

Internet:

www.oralb.com

www.braun.com

www.service.braun.com

Braun GmbH
Frankfurter Strasse 145
61476 Kronberg/Germany

Basic Charger Type 3757
Handle Type 3771
Charging Stand Type 3755
Travel Case Type 3760
Smart Plug Type 492-XXXX

91591575/IX-20
EN/RU/KZ